Егер оқушыңыздан осындай белгілерді байқасаңыз, онда оның қолынан келетін істі беріп, соны жасап шығуға бағыт-бағдар беріңіз. Бала орындап болып, сізге көрсеткенде, міндетті түрде мадақтап, ынталандырыңыз. Өз көзқарасын дәлелдеп шығуға дағдыландырыңыз. Балалардың ең бастысы өте жоғары бағалайтын кеңпейілділік, жомарттық, ақылдылық қасиеттерін дамытуға тырысу керек. Бұл балаға өз қолынан іс келетіндігіне сенімді болуына көмектеседі. Мақтау, мадақтау, қолпаштау – ұялшақтықты жеңудің бірден-бір жолы.

Қазіргі заман талабы – білімді, саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол, қоғамда өз орнын таба білетін тұлға қалыптастыру. Жеке тұлға – психологиялық тұрғыдан рухани мәдениеті бар адам. Тұлға мәселесі қай уақытта да өзінің сан қырлы жақтарымен заман талабынан түскен емес.

Балабақшадағы тәрбиешінің, мектептегі мұғалімнің жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, ақыл-ой өрісі, тәрбиесі мен шеберлігі оқушы психологиясына қатты әсер етеді. Дүниедегі ең тамаша туынды тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Мектепке алғаш келген балаға дұрыс тәрбие беру, ауытқушылықтан сақтап қалу – мұғалімнің міндеті. Жақсы тәрбиемен есейген бала, ол қашанда қуаныш. Психология ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп тұжырымдайды. Сол себепті де баланың қабілетін кеңінен өрістетіле дамытуға мектеп мақсатты түрде ықпал ете алады. Психологиялық денсаулықтың дұрыс дамуы көңіл күйге байланысты деуге де болады.

Психологиялық тұрғыдан сеніммен қарау – балаға қажетті аса маңызды қасиет. Бала бойында кейде үлкендердің талап-тілегінен шығуға тырысушылық, үлкендердің көзіне түсуге деген талпыныс байқалады. Осының барысында оның бойында ар-ұят сияқты

адамгершілік сезімі пайда болады.

Ұялшақ балаларды былай да анықтауға болады. Өзін-өзі бағалау тестін алғанда олардың нәтижелері төмен болады. Мұғалімдер осыны дер кезінде байқап, жұмыс жасаулары керек. Өзін-өзі бағалау өз қабілетіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, мүмкіндігіне, өзіне баға беруі болып табылады. Бала өзін-өзі бағалау арқылы мінез-құлқын реттейді, өзіне сыни көзқараспен қарауға, сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа үйренеді. Ал өзін-өзі төмен бағалау мінез-құлықта күмәнданушылық, қызғану, іштарлық, көңілсіздік, ешкімге жоламау сияқты көріністерден байқалады. Баланың өзін тым асыра бағалауы, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмауы, ашуланшақтық, мақтаншақтық сияқты мінез-құлықтарға апарып соғады. Сондықтан жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауына дұрыс бағыт беріп, қолдау көрсету әр мұғалімнің міндеті.

Мұндай жағдайда психологиялық ойындар мен жаттығулардың пайдасы зор. Осыған байланысты тұйық, ұяң, ұялшақ балалардың **қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділігін арттыруға арналған пайдалы ойындар мен жаттығуларды ұсынып отырмын.** Ойындар мен жаттығулардың мақсаты - оқушылардың ұялшақтың сезімін төмендету.

«Дұрыс бағыттағы қадам». Балалар психологтің немесе мұғалімнің қойған 30 сұрағына жауап береді. Әр дұрыс жауап үшін мұғалім алға бір қадам жасайды, қате жауап үшін кері шегінеді. Ойынды мұғалім есік алдынан бастайды. Ойында сұраққа жауап алу арқылы мұғалім бөлмені түгел аралап, қайта есік алдына келуі тиіс. Сұрақтар әр түрлі болады, пәндерге, ара қатынасқа т.б. байланысты бола береді (не ұнайды, не ұнамайды, қандай арманың бар т.б.).

«Титаник». Оқушылар А және Б тобына бөлініп жұппен қатар тұрады. А-ны таңдағандар үстел басына жақындап қолдарына қағаз, қарындаш алады. Б-ны таңдағандар мұғалімге жақындайды, мұғалім олардың құлақтарына киноның атын айтады. Олар А-ны таңдағандардың арқаларына саусақпен көрсетіп сол киноның суретін салады, А-ны таңдағандар сол суреттерді сезініп қағазға салып қандай кино екенін табуы керек. А-ны таңдағандар дұрыс тапса, Б-ны таңдағандардың құлағына сыбырлап айтады да екі жақ ауысып, ойын жалғасады.

«Ватмандағы саяхат». Ойынға ватман және бояулар пайдаланылады. Ойынды топпен немесе жеке баламен ойнауға болады. Мұғалімнің ұсынысы: «Бүгін бірге саяхатқа шығу. Әрқайсысына кезекпен келіп

ватманға суреттер салғызу. Ойынның талабы қаламды немесе маркерді ватманнан үзбей сурет салу. Егер маркер ватманнан үзілсе онда басқа оқушы келіп, өз суретін сала бастайды. әрқайсысына 10 секунд уақыт беріледі. Түрлі сызықтарды салуға, түрлі-түсті бояуларды қолдануға рұқсат етіледі».

«Қандай кейіп?». Мұғалім жағдаяттар тізімін таратып береді. Бір бала оқушылардың қандай кейіпте қатып тұрып қалғанын шешу керек. «Толқиды теңіз бір, толқиды теңіз екі, толқиды теңіз үш. Қуаныш фигурасы (жағдаят тізіміне қарап), орнында қатып тұрып қал». Жағдаяттар тізімі: қуаныш, ыза, үрей, мейірім, қызығушылық, ұялшақтық, жетістік.

Осындай **ойындар мен жаттығулардың өткізілуі**, балалардың бойындағы ұялшақтық мінездерін төмендетіп, көп көмегін тигізері даусыз. Ұялшақ балалар қашанда мұғалімнің назарында болуы керек. Әр баланың дұрыс дамып, жетілуі ұстаздың қолында.

Психологиялық тренинг- танымдық белсенділікті дамытудың негізгі құралы

Ж. ЕШНИЯЗОВА

Тренинг – білімді дамыту немесе адамды оқытуда жоспарланған жағдайға жүйелі күш салу арқылы орындау. Жұмыс жағдайында тренинг адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіншілігіне бағытталады. Тренингтік жаттығулар кейбір жағдайларда тұлғалық өзгеруге түрткі қызметін атқарады. Өзіндік сана тұлғаның даму процесін жанама түрде және мазмұндау арқылы қарым-қатынас үйлесімділігін орнатып және қарым-қатынастағы қиындықтардың себебін ұғыну динамикасына ықпал жасайды.

Тренинг барысында мынандай жағдайларға да дайын болуы тиіс, олар, ыза, қатты дауыс, дөрекілік, өзімшілдік, қатыспаушылық, қажетсіз күлкі, ынтасыздық, шыдамсыздық немесе қажетсіз сөзге араласу, тыныштық, селқостық қылжақтық және т.б.

Тренинг мақсаты – адамды нақты тапсырманы орындауға қажетті білім, шеберлік және бағытпен қамтамасыз ету. Тренинг-

ке өзгеріс, нәтиже бірден көрінеді. Осы міндеттерді шешу кезінде ұйымдастырылатын тренинг теңдігі түрлері де ерекшеленеді. Рольдік тренинг, видеотренинг, қарым-қатынас тренингі, іскерлік қарым-қатынас тренингі, мәдениетаралық өзара әрекет және т.б. Тренингтер белгілі бір ортадағы мәселелер мен қиындықтарды түзету, өзін-өзі шығармашылық тұрғыда дамытуға, тұлғаның әлеуметтік ортада өзіндік реттелуіне мүмкіндік болатын қажетті жағдайды туғызуға көмектеседі.

Әсіресе, мұндай жұмыстарды қиын оқушылармен жүргізу аса қажет екенін тәжірибемнен көріп жүрмін. Күннің көзін алақанмен жабуға болмайтыны секілді, қиын оқушылар бар екені шындық. Тәрбиесі қиын балаларды тудыратын себептердің бірі – балаларын оқытуда, тәрбиелеуде ата-аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы бала мінезінде мейірімсіздікті, яғни қатыгездікті, дөрекілікті, өзімшілдікті туғызады.

Екінші себеп – бұл үйдегі сәтсіздік, маскүнемдік, ұрыс-төбелес, ұрлық, ата-аналардың және басқа отбасы мүшелерінің жеңілтек мінез-құлқы, ал бәрінен жаманы-ажырасу, неке бұзу.

Отбасы тәрбиесінде ата-аналардың мінез-құлқы шешуші фактор. «Сіз өз балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын өзіңіздің мінез-құлқыңызды тексеріңіз» деген болатын А.С. Макаренко. Оның сөзін жалғастыра келіп, егер сіз дөрекі және мақтаншақ немесе маскүнем болсаңыз ал, онда сізге тәрбие туралы ойланудың қажеті жоқ.

Егер әке маскүнем болса, мектеп жасына дейінгі балалар жүйке ауруынан (невроз), жиі қояншық ұстамадан (эпилепсия) азап шегеді, олардың ақыл-ойы баяу дамиды. Мұндай балалар енжар, тынымсыз, ашушаң келеді. Әрбір ата-ана азғындыққа түспеу үшін күш қабілетін пайдаланып, балаларға мейірімді өнеге мен әсер ету керек.

Үшінші себеп – ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады. Кейбір отбасы баланың ішкі дүниесін тілектерін, ойларын, қайғысын қоршаған ортаға қатынасын жете біле бермейді.

Тату отбасында ата-аналар балалардың күнделікті өмірі мен іс-әрекетіне басшылық жасайды. Балалардың өздерінің қуанышын, қайғыларын, ойларын, уайымдарын бөлісуге үйретеді, саяси мәселелерді, жаңа фильмдер мен кітаптарды бірлесе отырып талдайды, өздерінің сүйікті әндерін орындайды.

Отбасы бала үшін өмір мектебі, онда мейірбандық, шындық, адалдық, қайырымдылық, еңбексүйгіштік, т.б. тәртіп пен мінез-құлық қасиеттері дамиды және қалыптасады. Отбасында қоғамның келешек азаматы өседі.

Басқаша айтқанда, отбасы жеке адамның тәртібі және мінез-құлық негізін қалайтын микро-ұжым. Бір уақыттарда «қиын оқушыларға» көбінесе Жасөспірімдер жатқызылса, бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы категорияға жататындар аз емес. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастан-бастауыш мектеп кезеңінен бастап қолға алып, олардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. «Тәртібі қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі аса маңызды орынға ие болады. Мораль нормаларына жауап беретін айналадағы болмысқа жеке адам көзқарастарының сан-салалығын ескере келгенде, адамгершілік тәрбиенің жеке тұлғаны қалыптастырудағы ролі өте зор.

Адамзат тарихында жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие берудің педагогикалық-психологиялық негіздері ерте заманнан-ақ ойшылдар, ғұламалардың назарында болғаны мәлім. Олардың құнды идеялары атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге жетіп отыр. Қазақтың ғұламаларының ішінде әл-Фарабидің шығармашылығында адам баласын ізгілікке, адамгершілікке баулу мәселесі кеңінен орын алғаны мәлім. Яғни, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы екенін ұмытпаған абзал.

Сол себепті шәкірт тәрбиелеуші қауымға айтарым, ұрпақты тәрбиелеу деген сөз, аянбай оқушылармен жұмыс жасау, ұлт тағдырына бей-жай қарамау!

Отбасындағы келіспеушіліктердің бала психологиясына әсері

Г. ЖАНАБЕРГЕНОВА

Отбасылар әртүрлі болады, ол жердегі балалар да түрлі болып келеді. Отбасылық өмір мәнері жеке адамның қалыптасуына үлкен із қалдырады. «Отбасы қарым-қатынасы» сөзінің де терең мәні бар. Олардан жеке адамның қалыптасуы туралы жылылық пен мейірімділік, рухани жақындық, қарапайымдылықты көруге болады. Дұрыс қарым-қатынас жасау жақсы көңіл-күйдің, психологиялық денсаулықтың, шығармашылық іс-әрекеттің негізі болып табылады. Деструктивті қарым-қатынас – «әр сағат сайын болмыстың бір бөлшегін алып

кететін» қатынас. Ол қайырымдылық пен өзара түсіністіктің отбасында болмауы. Бұл жатсынуға, ашуланшақтық пен тұйықтыққа әкеледі. Баланың мінезін дұрыс жаққа өзгерту үшін, ең алдымен ата-ана өзін өзгертуі қажет. Мұны түсіну оңай емес. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – бала бәрін тыңдап, орындайтын адамдай қарау. Ата-аналардың отбасындағы тәрбие мәселелері жөніндегі келіспеушілігі, көзқарастарының бір болмауы баланы жеке басында жақсы сапалар қалыптастыруға кері әсерін тигізбей қоймайды. Үйлесімді өмір сүріп отырған отбасы үнемі балаларының тәрбиесіне көп көңіл аударады. Балаларын өздерінің ойларымен бөлісуге үйретеді, саяси мәселелерді, жаңа фильмдер мен кітаптарды бірлесе отырып талдайды, өздерінің сүйікті әндерін орындайды. Мұндай отбасы тар шеңбер аумағында қалып қоймайды. Кейбір отбасында баланың жеке басына көңіл бөлінбейді. Ата-ана оның ішкі дүниесіне, қандай нәрсе қызықтыратынына, мақсатына, уайымына, қоршаған ортаға қатынасына назар аудармайды. Мұндай ата-аналар баланың тәрбиелеуі мен жетілу процесін басқаруды дұрыс біле бермейді. Оның ішкі дүниесін түсіну үшін, оның әр жағдайдағы қимылы мен істеген істеріндегі жатқан мотивтерді білуі керек. Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста болатын (күйеуі, әйелі, балалары, ата-анасы, әжесі, шөбересі, т.б.) бірлесіп әлеуметтік тұрмыста өмір сүретін адамдар. Ол жерде қарым-қатынас сүйіспеншілікке, ер мен әйелдің барлық жағынан толық теңдігіне негізделген. Балалар мен ата-аналардың қуанышы, реніші ұштасып жатады. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті болса одан адамгершілік пен әділеттіліктің көрінісі туады. Отбасының бірлігі мен ынтымақтастығы оның құрылымындағы адамдардың бірегей адамгершілік талаптары.

Отбасы тәрбиесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі – ата-аналардың педагогикалық көзқарасының қалай қалыптасуында.

Біріншіден, бала өзін субъект ретінде есептейді, олар әке-шешесіне еліктейді, сондықтан ата-ана әр жасаған жұмысы мен қарым-қатынасын, сөзін ойланып жасап, балаға үлгі болатындай мақсатта болуы тиіс. Әрбір болған жағдай, әңгіме, мысал балаға маңызды бір түсінік берік сезімінен орын алатынын есте ұстау.

Екіншіден, баланың рухани дамуында психологиялық ахуал үлкен әсер етеді. Балалардың сезіміне әсер ету шетсіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы болып табылады. Көптеген ата-ана балалардың санасына әсер етуді жөн көреді, ал тәрбие жұмысында оның сезіміне қалай әсер ету керектігін кейде біле бермейді.

Үшіншіден, бала отбасы жағдайында өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасында бірін-бірі сыйлау, қамқоршыл болу, бірлесіп еңбек ету секілді игі дәстүрлер қалыптасқан болса, ол ортадан қоғамға қарсы тұратын тәрбиесіз адам шығуы теориялық жағынан алғанда мүмкін емес.

Төртіншіден, ата-аналар өз балаларын аса қаталдықпен тәрбиелеймін деп әр түрлі қысым мен тыйымдарды қолдану сәл нәрсеге бола қатаң жазалау, ар-намысын қорлайтын әрекеттер жасау арқылы балаларын өздеріне қарсы қояды. Мұндай жағдайда әрине балалар ата-аналарын сыйламайды, олардың баласына айтқан ақылы кері әсер етеді. Осындай отбасында тәрбие алған балалардың рухани бай, адамгершілік тәрбиелі болуы да екі талай.

Бесіншіден, отбасындағы ата-аналар өз балаларының не істеп, немен айналысып жүргендерімен ісі жоқ, оны өзінің міндеті деп санамайтындар. Олардың балалары қараусыз қалған, ағашпен тең сияқты әсер алады. Бұл ең қауіпті, әрі сөз жоқ жұтаң, адамгершіліктен жұрдай балалар тәрбиелеуі мүмкін. Отбасындағы тәрбиенің құнды болуы – оның болашақ ұрпағынан көрініс беріп, нәтижелі болуында. Бала көбінесе ата-анасының біреуінің жоқтығы себебінен құрдастарының қысымына ұшырайды, бұл оның жүйкелік-психикалық күйіне әсер етеді. Ажырасу салдарынан: қоғамда толық емес отбасы пайда болады, мінез-құлқында ауытқуы бар балалар саны артады, қылмыс көбейеді. Бұл қоғамға қосымша қиындықтар туғызады. Ата-ананың арасындағы келіспеушілікті көрген бала өзін сенімсіз және қорғанышсыз екенін сезінеді. Балалық алаңдаушылық, үрей және невротикалық белгілер пайда болады.

Болашақ ұрпақтың тәрбиелі, мәдениетті білімді болуы ең алдымен ата-анадан, отбасы-ошақ қасынан басталмақ Қазақ «Әке-асқар тау, шеше-бауырындағы бұлақ» деген Жассәби шыретіп дүниеге келгеннен бастап, әр адамның өзіндік, қайталанбас психологиялық тірлігі басталады. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына отбасы, отбасылық қарым-қатынас, отбасының психологиялық ахуалын тәрбиелеу стилінің маңызы зор екенін естен шығармаған жөн. Біздің бұл мәселені негізгі фактор ретінде алуымыздың себебі балалардың жеке адам болып қалыптасуына отбасының алатын орны ерекше. Дүниеге келген баланы бірінші көретін адам ата-анасы, жанұясы. Оның әлеуметтік ортасы бала дамуына жан-жақты әсер етеді.

«Адам бақыты – бала», «Адам бақыты – бала, егер ол саналы болса». Тәрбие бала тумап тұрып, дүние есігін ашпай тұрып басталуы тиіс. Кейбір отбасында тәрбиенің қиындығы: әке мен шеше өзінің кемшіліктерімен күреспей, қайта оны жуып-шайуға ұмтылумен сипатталады. Солай бола тұрса да олар балаларынан тәртіпті болуды талап етеді. Ал, өте байқағыш, сезімтал балалар ересектердің мұндай қылықтарын жылдам байқайды. Бұл жағдай балалардың азамат болып өсуіне кері әсер тигізеді.

Бала тәрбиесі ата-аналарға жауапты міндетті жүктейді, ал ол міндеттердің көңілден шығуы ата-ананың отбасындағы әрбір үлгілі ісіне байланысты.

Инклюзивті білім беру қажеттілігінің психологиялық мәселелері

С. ДҮЙСЕН

Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің өзекті мәселесі инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға өз құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өз жасындағы балалармен көшеде ойнап жүрген мектеп жасына дейінгі балаға оның жалпы білім беретін мектепке емес, ерекше білім беретін мектепке баратынын қалай түсіндіруге болады. Инклюзивті білім беру жүйесінің өзі инклюзивті қоғамды дамытудың тиімді тетігі. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыта отырып, біз инклюзивті қоғамның, яғни әрбір адамға арналған қоғамның дамуына жол ашамыз. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға балабақшаға, мектепке, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға өмірге толық қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларды теңдікке ынталандырады. Қазіргі жас ұрпақ – біздің болашағымыз. Осы жас ұрпақтар қатарында қарапайым балалар да, дамуында ауытқуы бар балалар да бар. Қазақстан Республикасының президенті инклюзивті білім беру мәселесі туралы «Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балалар көбейіп барады. Балалар тиісті реабилитация қабылдау үшін жарты жыл уақыт күтеді. Сөйтіп, уақыт жоғалтады. Кезегі келген кезде толық оңалтудан өтуге мәжбүр. Балалар сапалы қызмет алу керек. Мемлекет тарапынан арнайы психолог мамандарының даярлануына назар аударылуы керек», - деді Қасым-Жомарт Кемелұлы

Инклюзивті білім беру – балалардың жынысына, жасына, географиялық

орнына, қимыл-қозғалысына және психикалық жағдайына қарамастан сапалы білім алуға және өз мүмкіндіктерін өз бетінше пайдалануға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру немесе «баршаға арналған білім» бағдарламасы барлық балаларға мектеп өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуын қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзетедамыта оқыту сыныптары кезең-кезеңімен ашылуда. Бұл сыныптың ашылуының өзіндік кемшіліктері де бар, себебі кейбір сыныптарда жас ерекшелігі әртүрлі оқушылар оқиды, тағы бір кемшілігі сабақ беретін пән мұғалімдерінің арнайы педагогикалық білімінің төмендігі. Нәтижесінде балалар білім алудың бірінші кезеңінде қиындықтарға тап болады. Инклюзивті білім берудің мақсаты; дамуында ауытқуы бар балаларды қалыпты балалармен бірге тәрбиелеу. Яғни білім беру жүйесі адамды жынысына, дініне, шыққан тегіне қарамастан тең құқықты тұлға ретінде тәрбиелеу. Инклюзивті білім беру – дамуында кемістігі бар балаларды әлеуметтендіру және қалыпты дамыған балалармен интеграциялау процестерін жеделдету мақсатында оқыту. Арнайы топтардағы балаларды ұйымдастырылған мерекелерге, жарыстарға, әр түрлі іс-шараларға қатыстыру мақсатында біріктіріледі. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар балабақшаның, сыныптың мектептің тұрақты топтарына енгізіледі. Ата-аналар тарапынан түзету-дамыту көмегі көрсетіледі. ПМПК ұсынған бағдарлама бойынша, ерекше білім беру қажет ететін балалар жалпы білім беретін сыныптарда оқуға құқылы. ПМПК ұсынған қорытындымен жалпы білім беретін мектептер мен балабақшалар әр баланың деңгейіне қарай оқу бағдарламасы бойынша инклюзивті білім беруге дайын болуы керек. Инклюзивті білім беру балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті жоққа шығару, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету және ерекше оқуды қажет ететін балалар үшін ерекше жағдайлар жасау идеологиясына негізделген. Инклюзивті білім беру мұндай балалардың оқудағы жетістіктеріне ықпал етіп, жақсы өмір сүруге мүмкіндік береді. Мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге тең қажеттілік үшін жағдай жасалуы керек. Үйде оқитын мүгедек балалар жеке қабілеттері мен деңгейлерін ескере отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты мемлекет мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және жаңа жұмыс орындарын ашу, кадрларды даярлау және қайта даярлау үшін барлық қажетті жағдайлар жасап жатыр. Инклюзивті білім беру барлық балаларға мектептің және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің өміріне белсенді араласуға, адамдармен қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту мен оқытуға енгізілген өзгерістер тиімді болса, ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайы да өзгереді.

Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы

Г. ЖАПАРОВА

Мақсаты: педагогтардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау, психоэмоционалды күйлерді реттеу дағдыларын қалыптастыру, педагогикалық қызметте эмоционалды күйіп қалудың алдын алу.

1. Психологиялық жағымды эмоция орнату

Таңертең үйден шығар алдында айнаға қарап шыққан адам қол көтерсін. Ал, айнаға қарап күлімдеген адам қол көтерсін. Көріп тұрғанымыздай, күлімдеп шыққан адам аз. Сондықтан құрметті әріптестер қазір жүзімізге күлкі ұялатып, бір-бірімізге күлімсіреп қарайық.

Топтағы қағида:

1. Белсенділікті арттыру;
2. Бірігіп жұмыс істеу;
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу;
4. Өзіңе пайдалы нәрсе алу;
5. Әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу;
6. Өзін еркін ұстауға үйрену.

2. «Амандасу» жаттығуы

1. Қазір 5 секунд ішінде өзіңізге жұп тауып, сол адамның қолын қатты қысып амандасамыз;

2. Оң қол, оң қолмен;

3. Иық, иықпен.

- Ал, тезірек жұптарыңызды ауыстырыңыздар.

3. Сол қол, сол қолмен;

4. Аяқ, аяқпен;

5. Арқа, арқамен;

6. Бет, бетпен.

3. «Баспалдақ» жаттығуы

Қажетті заттар: Қағаздан жасалған баспалдақтың пішіні, әр түрлі адам пішіндері.

Нұсқау: Қалай ойлайсыздар, сіздің дәл қазіргі уақыттағы кәсіби деңгейіңіздің орны, мансабыңыздың деңгейіне қарай баспалдақтың қай сатысында тұрмын деп ойлайсыз? Сол жерге қолыңыздағы адамның пішінін орналастырыңыз және баспалдақтың нешінші сатысында тұрғаныңызды жазыңыз.

1. Мен мұны ешқашан жасамаймын;

2. Мен мұны істей алмаймын, қолымнан келмейді;
3. Мен мұны жасағым келеді;
4. Мен мұны қалай істей аламын?
5. Мен тырысамын;
6. Менің қолымнан келеді;
7. Мен оны істеймін;
8. Бұл өте оңай..

Сіз осы сатыда тұрғаныңызды қалайсыз ба, әлде өзіңіз тұрған сатыдан жоғары көтерілгіңіз келе ме, ол үшін сізге не жасау керек, қандай әрекеттер жасау керек? Осы сұрақты өзіңізге қойып көріңіз және жауабын қағазға жазайық.

Психолог сөзі: әрі қарай, осы мақсатқа жету жолдарын жалғастыру үшін біз алдымыздығы батонның үлгісінің біреуін аламыз. Батон ол – нан. Бұл тағамсыз біздің өмірімізді елестету мүмкін емес, сондықтан да ол біздің өміріміз деп алайық және өміріңізде сіз дәл қазіргі уақытта отбасыңызға қаншалықты деңгейде көңіл бөлесіз, сол бөлігін қиып алыңыз.

- Әрі қарай, жұмысқа қаншалықты уақыт бөлесіз?
- Денсаулығыңызға қаншалықты көңіл бөлесіз?
- Өз біліміңізді көтеруге қанша уақыт бөлесіз?
- Көңіл көтеруге, жаныңыз қалайтын ісіңізбен айналысуға, қызығушылықтарыңызға қанша уақыт бөлесіз?

Өмірден қаншалықты аз қанағат алсаңыз, өміріңізде әдеттегіден көп күйзеліске, қиындыққа тап боласыз.

Ал, енді мынау біздің идеал «мінсіз батонымыз». Енді өз қалауымыз бойынша осы батонды отбасына, жұмысқа, денсаулыққа, өз білімізді көтеруге, қызығушылықтарыңызға қанша уақыт бөлер едіңіз, қалауыңызша бөліп шығыңыз. (Жаңадан батон қағазының үлгілері беріледі)

Енді сіздің шынайы батоныңызды, идеалыңыздағы батонға сәйкес келу үшін, сізге не істеу керек, қандай әрекеттер жасау керек, қандай жолдары бар қағазға жазайық.

Қатысушылар қалауы бойынша жазғандарын оқып шығады.

Кері байланыс.

4. «Дене мүшелер биі» жаттығуы

Енді көңіл көтеру мақсатында барлығымыз орнымызда отырып билейміз. Биіміз ерекше болады. Мен бір дене мүшесін айтам, тек қана сол дене мүшелеріңізбен билеу қажет. Ал бастайық:

1. Саусақ биі;
2. Қолдар биі;
3. Бас биі;
4. Иықтар биі;
5. Ішімізбен билейміз;

6. Аяқтар биі.

5. «Стакан туралы» мысал

Психолог аздап су құйылған стаканды ұстап тұрады және қатысушыларға «Қалай ойлайсыздар, стаканда қандай мөлшерде су бар?» - деп сұрақ қояды.

- «50 грамм!», «100 грамм!», «125 грамм!» деген жауаптар берілді

- Мен де білмеймін, нақты білу үшін бізге оны өлшеп көру керек. Алайда, менің айтпағым басқа, егер мен, осы стаканды бірнеше минут бойы ұстап тұрсам не болар еді?

- Ештеңе.

- Жарайды. Ал егер, бірнеше сағат ұстап тұрсам ше?

- Сіздің қолыңыз ауырады.

- Жақсы. Егер дәл осылай стаканды бір күн бойы ұстап тұрсам ше?

- Сіздің қолыңыз талады, денелеріңіздің қатты ауырсынады, қолыңызды қозғай алмай қалуыңыз мүмкін және сізге дәрігер көмегі керек болады...

- Өте жақсы, - осы уақытта стаканның салмағы өзгерді ме?

- Жоқ.

- Онда неге менің қолым, денем ауырды?

Қатысушылар таң қалып, ойланып қалды.

- Маған бойымдағы ауырсынудан арылу үшін не істеу керек?

- Стаканды қойыңыз.

- Міне! Дұрыс айттыңыз! Өмірде де дәл осылай болады, егер сіз сәтсіздіктер мен мәселелеріңізді босатпасаңыз, бірнеше минуттар басыңызда тұрса – ол қауіпті емес. Біршама уақыттар бойы өзіңізбен алып жүрсеңіз, басыңыз ауырғанын сезесіз.

Ал, егер ұзақ уақыт бойы ойланып, босатпай жүрсеңіз, сіздің жұмыс істеу қабілетіңіз әлсіреп, еш нәрсеге зауқыңыз болмай, көңіл-күйіңіз болмайды. Тезірек мәселенің шешімін тауып, басыңыздағы жағымсыз ойлардан арылып, күннің соңына дейін өзіңізді теріс әсері бар ойлардан тазалап, ұйқыға тыныш, жайлы жатып демалыңыз. Осылай жасағанда сіз әрдайым еш ауырлықсыз, ұйқыдан сергек, жақсы демалып, жұмысыңызға белсенділікпен кірісесіз.

Сондықтан да, «Стаканды» ұстап тұрмаңыз!

Кері байланыс

Қатысушылар тренингтен алған әсерлерімен, не ұнады, не ұнамады, өз ой-пікірлерімен бөліседі.

- Құрметті тренингке қатысушы әріптестер, уақыт бөліп қатысқандарыңыз үшін рақмет. Келесі кездескенше!

Буллинг деген не және онымен қалай күресу керек?

А. МУКАНОВА

Bullying сөзі ағылшын тілінен аударғанда «қорқыту», «кемсіту», «мұқату» дегенді білдіреді. Буллинг – агрессия немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені қорлауы, үстем екенін көрсетуі.

Буллинг әр түрлі формаларда жасалуы мүмкін:

- әңгіме тарату;
- қорқыту;
- денеге және ауызша зорлық-зомбылық;
- баланы топтан шығару, оқшаулау;
- балаға тура немесе жанама түрде жасалатын басқа қимылдар мен әрекеттер.

Буллинг өзіне келесіні еңгізеді:

- біреуге зиян тигізу ниеті;
- зиянды әрекеттің өзі;
- шабуылдаушы мен жәбірленуші арасындағы күштің теңгерімсіздігі;
- осындай мінез құлықтың қайталануы;
- күшті әділетсіздік қолдану;
- шабуылдаушының айқын рахаттануы және жәбірленушінің қысым сезімі.

Буллингті немен шатастырмау керек?

Агрессивті мінез-құлыққа бейім балалар, жиі эмоционалды теңгерімсіз және мінез-құлқын бақылай алмайды. Ал буллинг жасайтын балалар бұны қорлау мақсатпен жасайды және ақылын сақтап, өз әрекеттерін бақылап отырады.

Әр жасөспірім кластастарымен қақтығыста болады. Бұл зиян келтіре алмайды, егер қақтығыс өзара қолайлы түрде шешілсе. Бірақ төбелес пен мазақтау буллинге айналып кетуі мүмкін, егер де әдейі және қайталана берсе. Буллингтің басқа теріс мінез-құлық пен әрекеттің формалардан ажырататын үш ерекшелігі бар:

1. Нақты адамға бағытталған;
2. Қайталануы;
3. Қақтығыстағы бір жақтың басқа жақтан артықшылығы (моральдік, сандық, физикалық)

Егер сыныпта бір баланы ұнатпаса, жолдастары болмаса, бірақ

зорлық зомбылық тигізбесе, бұл қорлауға жатпайды, бұл танымал еместік. Бұл түрде адам өзін ренішті, қайғылы, жалғыз болып сезінеді. Қорлау кезде ол қорқады, өзің қауіпсіздікте сезіне алмайды. Мектеп әр оқушыға психологиялық және физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетті.

Тұрақты қорлау белгілері қандай?

Бала өз мәселесі туралы айтпауы мүмкін. Бірақ мына белгілерді елеуге бомайды:

1. Денедегі белгілер (кескен, көгерген жерлер) егер олар, әсіресе, логикалық түсініктемесіз, жиі кездессе;
2. Бала мектепке барғысы келмейді немесе жолдастарымен уақыт өткізбейді;
3. Киімдер жиі жоғалады, жыртылған киімдер немесе кітаптар, сынған гаджеттер немесе басқа жеке заттар;
4. Бала жалғыздық сезімі туралы айтады, өзін жасырын және тұйық ұстайды;
5. Мінез құлықтың күтпеген өзгеруі, шамадан тыс алаңдаушылық, ата-анаға жақын болуы күнделікті жұмыстан бас тарту;
6. Әдеттен тыс мінез-құлық, әлсізді қорқыту;
7. Медициналық себепсіз физикалық ауырсыну (мысалы, бас ауруы, ұйқы мәселесі, тамақтану бұзылыстары);
8. Оқу үлгерімінің және зейіннің кенет төмендеуі;
9. Бұрын баланы алаңдатпаған нәрселер туралы шағымдар (сыртқы келбеті, тұратын жеріне және т.б.);
10. Аутодиструктивті мінез құлық, үйден қашу, өзіне жарақат салу немесе суицид туралы әңгімелер.

Не істеуге болмайды?

1. Өздігінен кетуін күту. Елемеу.
2. Себеп пен түсініктемелерді іздеу. Объективті себептің болуы қорлауды қабылдамайды.
3. Қорлау мен танымал еместікті шатастыру;
4. Қорлықты жәбірленушінің ғана мәселесі деп есептеу. Үндемейтін күегерлер өте нәзік жағдайда болады. Көбісі жаман нәрселер болып жатқанын сезеді, бірақ айтуға бата алмайды, өйткені өздері жәбірленушінің ролінде қалудан қорқады. Нәтижесінде олардың дүниетанымында олар жаман адамдар, ал айналадағы қоғам қауіпсіз емес.
5. Қорлауды топтың емес, жеке адамның мәселесі деп есептеу. Қорлаудың себебі жәбірленушінің ерекшелігінде емес, топтың ерекшелігінде;

6. Жәбірленушіге аяушылық сезімін білдіру. Жәбірленушіге теріс назар аудару тек оның жағдайын нашарлатады;

7. Көну және шыдау.

Ата-анаға ақыл-кеңес:

Ата-анаға не істеуі керек, осыған тоқталайық. Қорлық көрген баланың ата-анасы көп жағдайда кінә, ұят, ашу және әлсіздік секілді сезімдерді басынан өткереді. Осыған байланысты кейде қолдау жанашырлықтың орнына олар: «Неге қарсы жауап бермедің?», «Әлсіз болма», «Өзің кінәлісің» деген секілді сезімдер айтып, баланың өзін айыптайды. Бұл кез келген отбасының басынан өтуі мүмкін екенін ұмытпау шарт. Бұл жерде ешкімнің кінәсі жоқ, әсіресе баланың. Керісінше, мына сөздер бала мен ата-ананың әңгімесін оң әсер етеді:

- «Мен саған сенемін». Бұл балаға кез келген жағдайда өзін жалғыз емес екенін ұқтырады;

- «Бұл сенің кінән емес». Осы арқылы балаға мұндай мәселеге тап болып тұрған өзі ғана емес екенін түсіндіру маңызды;

- «Мен сені жақсы көремін және енді қайта қауіп төнбес үшін барлығын жасаймын». Бұл балаға қорғаныш сезімін ұялатып, болашаққа үмітпен қарауына көмектеседі.

Балаңыз кез келген жағдайда көмек сұрауға дайын болатындай ерқашан сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

Мұғалімге ақыл-кеңес:

«Мектептегі және сыныптағы буллингпен күрес бұл да үлкен тақырып. Мұғалімдер, әсіресе балалардың ата-анасымен тығыз байланыста болу керек. Өйткені көбінесе ата-анасы баласының сыртқа шыққандағы мінез-құлқынан хабары болмай қалады. Содан соң сыныпта ортақ жағымды атмосфера қалыптастыру маңызды. Бұзақылыққа баратын балаларды сынып арқылы тәрбиелеу секілді. Басқа мектепке ауысу кез келген жағдайда балаға көмегін бере бермейді, себебі қудалау жалғасуы мүмкін».

Баланың өзіне ақыл-кеңес:

«Жасөспірім өзінің жасына байланысты буллингтен өзін қорғап қала алмайды. Бұл үлкендердің жұмысы. Дегенмен, мұндай мәселелердің алдын алу үшін ересектер балаларға түсіндіруі керек негізгі мәселелер бар:

- Өзі сенім артатын үлкендерге болып жатқан қысым туралы айту;
- Қудалауға қатігездікпен жауап берем деп үміттену дұрыс емес. Бұл тағы да басқа мәселелерді тудыруы мүмкін;
- Егер буллингің куәгері болған жағдайда оны назардан тыс қалдырмауды үйрету».

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБСАТОВА Алима Бакирақызы – «Шеңгелді» орта мектебінің психологы. Отырар ауданы, Түркістан облысы.

АКИМЖАНОВА Айлина Ерланқызы – Алматы математика-лингвистикалық «Самай» мектебінің психологы, «Қайнар» Академиясының 2-курс магистранты. Алматы қаласы.

АЛЕКСЕНКО Светлана Викторовна – педагог-психолог СШ №6 Талгарского района, Алматинской области.

БИКИНЕЕВА А.К. – врач-психиатр ОПМПК №3 г. Жаркент. Панфиловский район, Жетысуская область.

ДҮЙСЕН С. – Б. Момышұлы атындағы №46 ЖОББМ педагог-психологы, п.ғ. магистрі. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ЕЛТАЕВА Г. – «Мұнайлы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-нің педагог-психологы. Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы.

ЕШНИЯЗОВА Жеңіскүл Жеткербайқызы – №24 орта мектептің педагог-психологы. Бекарыстан би ауылы, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

ЖАНАБЕРГЕНОВА Гүлнар Мәлсқызы – №165 С. Сейфуллин атындағы орта мектептің педагог-психологы. Әйтеке би кенті, Қызылорда облысы.

ЖАПАРОВА Гулшат Айтқалиқызы – Ж. Қалдығараев атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы. Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

КИМ И.Н. – психолог гуманитарного колледжа г. Астаны.

КӨКЕБАЕВА Әсия Хайрошқызы – психология ғылымының докторы, «Көкше» Академиясының профессоры. Көкшетау қаласы.

МАХАНОВА Асел Савитовна – «Зердеш» зияткерлік мектебінің педагог-психологы, директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары. «Қайнар» академиясының 2-курс магистранты. Алматы қаласы.

МУКАНОВА А. – Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған әлеуметтік бейімделу орталығы, «Облыстық жасөспірімдер үйі» КММ-нің тәрбиешісі. Қостанай қаласы.

МУРАЛИНОВА Гаухар Төлеуовна – дефектолог ГУ «Реабилитационный центр №2» г. Астана.